

Жоба туралы қысқаша ақпарат

Жоба аты	AP19577160 «Сыртқы ортаның құбылмалылығы шарттарында Қазақстан Республикасының азық-түлік қауіпсіздігін бағалау»
Жоба өзектілігі	Азық-түлік қауіпсіздігі мәселесі заманауи жағдайлардағы маңызды мәселелердің бірі және Мыңжылдықтың даму мақсаттарының 2 мақсаты: аштықты тоқтату мақсаты болып табылады. Әлем халқының санының өсу қарқынының азық-түлік өндірісінің қарқынымен салыстырғанда жоғары болуы және ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру үшін қолданылатын негізгі ресурстардың қысқаруы тенденциясы – азық-түлік мәселесінің XXI ғасырда шиеленісуінің себептері болып табылады. Сонымен қатар, азық-түлік мәселесі - бұл өзіне экономикалық, әлеуметтік және саяси аспектілерді шоғырландыратын, күрделі де, кең тарапты ерекше құбылыс және мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі маңызды бағыттардың бірі. Адамзат алдында тұрған маңызды мәселелердің және жаһандық экономикадағы тенденциялардың көпшілігін белгілейтін негізгі факторлардың бірі – азық-түліктік қауіпсіздікті қамтамасыз ету. Қазіргі уақытта жаһандық тұрақты дамудың күн тәртібінің ең өзекті бөлігі ауыл шаруашылығы секторының даму қарқыны, агроөнеркәсіптік сектордағы мәселелер, соның ішінде азық-түлік қауіпсіздігімен тікелей байланысты.
Жоба мақсаты	Жобаның мақсаты болып қазіргі уақытта орын алып отырған анықталмағандық жағдайында және сыртқы ортаның құбылмалылығы шарттарында Қазақстан Республикасының азық-түлік қауіпсіздігін бағалау, елдің азық-түліктік қауіпсіздігінің жүйелік талдануын жүргізу, агроөнеркәсіптік кешеннің дамуының негізгі бағыттарын анықтау, елдің азық-түліктік қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша теоретикалық-әдістемелік негіздерді және тәжірибелік ұсыныстарды әзірлеу.
Жоба міндеттері	<ol style="list-style-type: none">1. Шетелдік және отандық ғылыми еңбектер негізінде зерттелетін тақырыптың теориялық және әдістемелік негіздерін іргелі зерттеу.2. Шетелдік тәжірибені зерттеу: азық-түлік қауіпсіздігіне қол жеткізуде айтарлықтай жетістіктерге жеткен шетел мемлекеттерінің негіздемелік құжаттарын, стратегиялық мемлекеттік және салалық бағдарламаларын талдау.3. Сапалық және сандық зерттеу әдістерін пайдалана отырып, өңірлер контекстіндегі мәселелерді ескере отырып, Қазақстанның азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің ағымдағы жағдайы мен әлеуетін кешенді талдау.4. Ішкі нарықтың ерекшеліктерін ескере отырып ұсынымдар әзірлеу: шет мемлекеттердің шараларын бейімдеу мүмкіндігі; агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік реттеу жүйесін талдау негізінде ауыл шаруашылығы және өңдеу өнеркәсібінің дамуы бойынша және Қазақстанның азық-түліктік қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша ұсыныстарды әзірлеу.

	<p>5. 5. Зерттеу нәтижелерін апробациялау және оларды тарату: жоба тақырыбы бойынша отандық және шетелдік журналдарда, халықаралық конференциялар материалдарында негізгі ғылыми нәтижелерді жариялау; ЖОО-да экономикалық мамандықтар бойынша мамандарды даярлау сапасын арттыру үшін оқу-әдістемелік материалдарды, оқыту курстарын әзірлеу.</p>
<p>Күтілетін және қол жеткізілген нәтижелер</p>	<p>Күтілетін нәтижелер елдің азық-түліктік қауіпсіздігі, оны қамтамасыз ету мәселесіне қызығушылық танытқан елдің ғылыми-экономикалық қауымдастығы, кәсіпкерлер, бизнес жетекшілері, мемлекеттік органдар және жекелеген ғалымдармен пайдаланылуы мүмкін:</p> <ul style="list-style-type: none"> - теориялық-әдістемелік шолу, шетелдік және отандық ғылыми еңбектерге негізделген жүйелі библиографиялық талдау жүргізу және халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарында мақала жариялау; - сапалық және сандық зерттеу әдістерін пайдалана отырып өңірлер контекстіндегі мәселелерді ескере отырып, Қазақстанның азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің ағымдағы жағдайы мен әлеуетін кешенді талдау; ҚР БҒМ БжҒССҚК ұсынған журналда бір мақала және Web of Science дерекқорының Arts and Humanities Citation Index немесе Social Sciences Citation Index индексіне индекстелетін немесе Scopus дерекқорында CiteScore процентиль көрсеткіші кемінде 35-ке тең болатын ғылыми жарияланымда бір мақала жариялау; - отандық экономиканың даму деңгейін мен оның ерекшеліктерін ескере отырып, елдің және оның аймақтарының азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша ұсыныстарды әзірлеу; Web of Science дерекқорының Arts and Humanities Citation Index немесе Social Sciences Citation Index индексіне индекстелетін немесе Scopus дерекқорында CiteScore процентиль көрсеткіші кемінде 35-ке тең болатын ғылыми жарияланымда бір мақала жариялау.
<p>Зерттеу тобы мүшелерінің аты-жөні, идентификаторлары (Scopus Author ID, Researcher ID, ORCID, бар болса) және сәйкес профильдерге сілтемелер</p>	<p>1. Калиева Асем Ермековна, PhD, Web of Science бойынша Хирш Индексі $h = 1$; Scopus базасы бойынша Хирш Индексі $h = 2$; Scopus author ID: 56646470400 https://orcid.org/my-orcid; ID orcid.org/0000-0002-1154-4287; ResearcherID - C-6014-2015</p> <p>2. Бимендиева Лейла Абдрашевна, экономика ғылымдарының кандидаты, доцент, Web of Science бойынша h-индекс 1; Scopus базасы бойынша $h = 1$, Researcher ID AGX-6591-2022, Scopus Author ID https://orcid.org/0000-0003-4965-5908.</p>
<p>Жарияланымдар тізімі (URL, DOI көрсетілген)</p>	<p>1. Калиева А.Е. The meaning and significance of the concept of food security№ - "Эпомен: экономические науки" (№ 1), 2022, 180-187 с. URL: http://epomen.ru/issues/Economics/1-2022.pdf</p> <p>2. Калиева А.Е., Бимендиева Л.А. Сыртқы ортаның құбылмалылығы шарттарында азық-түліктік қауіпсіздік мәселесін зерттеу: библиометриялық талдау. ҚазҰУ</p>

	Хабаршысы. Экономика Сериясы, Т. 145 № 3 (2023), 45-56 б. DOI: https://doi.org/10.26577/be.2023.v145.i3.05 3. Abilda S., Kaliyeva A. et al. Corporate strategies in agricultural enterprises: Adaptation and development in the COVID-crisis environment. Heliyon, 2024. - №10 (2).
Патент туралы ақпарат	-